Ешбір жағдайда микротолқынды пешті есігі ашулы күйінде пайдалануға болмайды, өйткені бұл микротолқынды энергияның залалды әсеріне әкеп соғуы мүмкін. Өте маңызды – сақтандырғыш бұғаттауларды сөндірмеңіз және олармен ешқандай әрекеттер жүргізбеңіз.



Микротолқынды пештің алдыңғы панелі мен есігінің арасына заттар қоймаңыз және тығыздағыш беттерде ластанулар немесе тазалағыш құралдар қалдықтарының жиналуына жол бермеңіз.



Ақаулы пешті пайдалануға болмайды. Микротолқынды пештің есігі дұрыс жабылғаны және:

1 есігі (майысқан, жарылған)

2 ілмектері мен құлыптары (сынған, жарылған немесе ілмектері өте бос)

3 есіктің тығыздағыштары мен тығыздағыш беттері зақымдалмағаны өте маңызды



Микротолқынды пешті реттеуді, қарауды және барлық жөндеу жұмыстарын тек өндіруші сервис орталығының жоғары білікті маманы ғана орындауы қажет. Бұл әсіресе пайдаланушыны микротолқынды сәулеленуден қорғайтын қақпақты алу қажет болатын жұмыстарға қатысты.



8 жасқа дейінгі балаларға аспапқа және оның қоректендіретін кабеліне жақындауға рұқсат бермеңіз.



Микротолқынды пешті асхана шкафына орнатуға рұқсат берілмейді*



ЕСКЕРТУ: Пайдалану кезінде аспап және оның қол жетімді бөліктері қыздырылады. Ыстық бөліктермен жалғасудан аулақ болу қажет. 8 жасқа дейінгі балаларға аспапқа жақындауға рұқсат бермеңіз, тек ересектердің бақылауымен болады;



Аспапты бумен тазалауға болмайды



Пештің жұмыс істеуі кезінде шкафтар қыздырылуы мүмкін;

* кірістіруге арналмаған құрылғыларға қатысты

НҰСҚАУЛЫҚТЫ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ ЖӘНЕ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.



Өрт қауіп-қатерін, адамдардың жарақаттануын немесе құрылғыны пайдалану кезінде шамадан тыс микротолқынды энергияның әсерін төмендету үшін төменде келтірілген негізгі қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет



Пайдаланар алдында құрылғыны пайдалану бойынша нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.



Микротолқынды пештің камерасында өрт шығу қаупін төмендету мақсатымен пісіру үдерісін қадағалап отыру қажет.



Құрылғыны тек қана оның нұсқаулықта сипатталған арналуына сәйкес пайдалану керек. Құрылғыда жемірілетін химиялық құралдарды пайдалануға болмайды. Пеш тағамды жылыту және пісіру үшін арнайы жобаланған. Ол өнеркәсіптік немесе зертханалық пайдалану үшін арналмаған.



ЕСКЕРТУ: Микротолқынды пеш біріктірілген режимде қолданылған жағдайда, балалар микротолқынды пешті тек ересектердің бақылауымен ғана қолдана алады, өйткені өте жоғары температура пайда болады*;



ЕСКЕРТУ: Сұйықтықтар мен басқа да азық-түліктерді тығыз жабылған сыйымдылықта жылытуға болмайды, әйтпесе олар атылуы мүмкін;





ЕСКЕРТУ: Осы құрылғыны 8 және одан жоғары жастағы балалар, сонымен қатар шектеулі дене, сипап-сезу және ақыл-ой қабілеттері бар адамдар, жабдықты қолдануға тәжірибесі және білімі жоқ адамдар, егер олар үздіксіз бақылауда болған жағдайда немесе жабдықты қауіпсіз қолдану бойынша нұсқаулар алған және осы құрылғыны пайдаланумен байланысты ықтимал қауіптілік туралы құлақтандырылған жағдайда ғана, қолдануға болады. Балаларға аспаппен ойнауға болмайды. 8 жасқа дейінгі балаларға және құзыретті тұлғаның бақылауысыз аспапты тазалауға және оған техникалық қызмет көрсетуге болмайды.




Микротолқынды пеште пайдалануға жарайтын сыйымдылықты ғана пайдалануға болады;


* Грилі бар құрылғыларға қатысты


 Пеште қағаз немесе пластмасса орауыштағы тағам бар болса, әсіресе ықыласты болу керек, өйткені жану қауіпі болады;


 Түтінді және /немесе жануды байқаған жағдайда, құрылғыны сөндірген немесе электр қоректендіру желісінен ажыратқан жөн, микротолқынды пештің есігін жалын толық басылмайынша жабық күйінде қалдыру қажет;


Микротолқындармен жылытып жатқан сусындарда қайнау үдерісінің кідірісі туындауы мүмкін, сондықтан сыйымдылықты алған кезде абай болу қажет;

 Есіктің тығыздағыштарын және оған жанасатын бөліктерді тазалауға қатысты толығырақ мәліметтер осы нұсқаулықтың сәйкес бөлімінде берілген.

 Микротолқынды пешті жүйелі түрде тазалап, онда пісіріліп жатқан тағамдардың барлық қалдықтарын кетіріп тұру қажет.

 Микротолқынды пешті жүйелі түрде тазаламаған кезде бұл беттердің зақымдануына әкеп соғуы мүмкін, бұл, өз кезегінде, жабдықтың төзімділігіне кері әсер етуі және қауіпті жағдайлар тудыруы мүмкін


 Назар аударыңыз! Тоқ көзінің алмалы кабелінің зақымдануы кезінде, өндіруші кабелімен немесе арнайы жөндеу орталықтарында, немесе мамандандырылған тұлғамен қауіптіліктің алдын алу мақсатында ауыстырылуы керек.

 Пешті пайдалануды бастамас бұрын грильдің құбырлы электрлі жылытқышын қыздырған жөн (қэж қыздырған кезде микротолқынды пештің желдеткіш саңылауларынан түтін шығуы мүмкін)*:

- ғимарат желдеткішін қосып, терезені ашу,
- пешті шамамен 3 минут уақыт аралығына тек грильдің жұмыс істеу режиміне орнатыңыз және грильдің қэж азықтық тағамдарды жылытпай қыздыру қажет.


 Пеш тегіс бетке орнатылуы қажет.


* Грилі бар құрылғыларға қатысты


- 


Айналатын поднос және айналдыратын дөңгелекті түпқойма пісіру барысында пештің ішінде болуы қажет. Тағамдарды айналатын подносқа абайлап қою керек, оны сындырып алмау үшін сақтықпен қолданған жөн.
- 


Жоғарғы температураның салдарынан қызарту үшін дұрыс таңдалмаған ыдыс айналатын подностың жарылуына әкеп соғуы мүмкін.
- 


Тек сәйкес өлшемдегі қаптарды және микротолқынды пеште пісіруге ғана қолданыңыз.
- 


Пештің есігі ашылған кезде сәулеленуден қорғайтын бірнеше кірістірілген ажыратқыштары бар. Осы ажыратқыштармен ешқандай әрекеттер жасамаңыз.
- 

Бос микротолқынды пешті қоспаңыз Пешті тағамсыз немесе құрамында өте аз су көлемі бар тағаммен қосу өрттің, тағамның көмірленуінің, ұшқын түзілуінің, сонымен қатар ішкі камера жабынының зақымдануының себебі болуы мүмкін.
- 

Тағамды тікелей айналатын подносқа ақтармаңыз. Айналатын подностың шамадан тыс қыздырылуы оның жарылуына әкеп соғуы мүмкін.
- 

Сәбилерге арналған шағын бөтелкелерді немесе тағамдарды микротолқынды пеште жылытпаңыз. Біркелкі емес жылыту үдерісі жарақаттар тудыруы мүмкін.
- 

Жіңішке мойны бар, мысалы шәрбатқа арналған шағын бөтелкелер сияқты сыйымдылықтарды пайдаланбаңыз.
- 

Микротолқынды пеште майда және терең ыдыста қуырмаңыз.
- 

Микротолқынды пеште өнімдерді үйде консервілеумен айналыспаңыз, өйткені құтының ішіндегісінің барлығы әрдайым қайнау температурасына жетпеуі мүмкін.



Пешті коммерциялық мақсаттарда қолданбаңыз. Осы құрылғы тұрмыстық немесе*: қызметкерлерге арналған асхана; дүкендерде, кеңселерде және басқа жұмыс ортасында, отельдер, мотельдердің клиенттері және басқа тұрғын бөлмелерде, ауылдық тұрғын үйлерде, түнеуге арналған объекттер сияқты объекттерде пайдалануға арналған *;



Ыстық сұйықтықтар мен сусындардың қайнау үдерісін кідіртпеу, сонымен қатар күйіп қалмау мақсатында ыдысты микротолқынды пешке салудан бұрын және дайындау үдерісінің ортасында сұйықтықты араластырған жөн. Сосын пеште қысқа уақытқа қалдырыңыз және сыйымдылықты микротолқынды пештен алмас бұрын тағы да араластырыңыз.



Шамадан тыс уақыт бойы пісіру салдарынан тағамның күйіп кетуінен аулақ болу үшін пісіру үдерісін қадағалаңыз.



Құрылғы біріктірілген режимде жұмыс істеген кезде балалар пешті тек ересектердің бақылауымен ғана қолдана алады, өйткені осы режимде өте жоғары температура пайда болады.*



Осы жабдықты шектеулі дене, сипап-сезу және ақыл-ой қабілеттері бар тұлғалар (балаларды қоса алғанда), немесе тәжірибесі әлде тиісті білімдері жоқ тұлғалар, тиісті бақылауда болған жағдайда және олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалар берген пайдалану нұсқаулығына сәйкес қана пайдалануға болады. Бұл аспаппен балалардың ойнамауын қадағалау қажет.



Тамақты қатты қыздырып жібермеңіз



Пештің камерасын қойма ретінде қолданбаңыз. Микротолқынды пештің ішінде нан, печенье, қағаздан жасалған бұйымдар т.с.с. оңай тұтанатын заттарды сақтамаңыз. Егер найзағай электрмен қоректендіру желісіне тиген жағдайда, пеш еріксіз қосылуы мүмкін.



Микротолқынды пешке қағаз немесе пластикалық орауыштарды / қапшықтарды салмас бұрын олардың орамаларынан сымды қысқыштар мен металл тұтқаларды алып тастау қажет.

* Грилі бар құрылғыларға қатысты

-  Пеш жерге қосылуы қажет. Тек қана жерге қосылған түзу розеткаға қосу керек. «Қысқа тұйықталудан қорғау жүйесі» не қараңыз
-  Қабығы бар жұмыртқа (пісірілген және / немесе шикі), өсімдік майлары немесе тоң май қосылған су сияқты кейбір өнімдер, тығыз жабылған сыйымдылықтар және жабық шыны құтылар жарылуы мүмкін, сондықтан оларды пеште қыздыруға болмайды.
-  Микротолқынды пеш ересектердің бақылауын жұмыс істеуі керек. Балалардың басқару панеліне қолжетімді болулары немесе құрылғымен ойнауына жол бермеу керек.
-  Ток аударғыштар немесе айыр зақымданған, лайықты түрде жұмыс істемесе, зақымдалса немесе құлап қалса, микротолқынды пешті пайдалануға болмайды.
-  Пештің желдеткіш саңылауларын бұғаттауға немесе жабуға болмайды.
-  Пешті ашық ауада сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
-  Пешті судың, асхана қаяуының маңында, ылғал бөлмеде немесе жүзу хауызының маңында пайдаланбаңыз.
-  Электрмен қоректендіру сымы мен айырын суға салмаңыз.
-  Электр сымды қыздырылатын беттерден аулақты ұстаңыз.
-  Электр сымды үстел немесе үстелдің үстіңгі тақтайының шетінен салбыратып қоймаңыз.
-  Құрылғы монтаждап қойылған сәндік жақтаумен бірге пайдаланылуы тиіс *
-  Құрылғы камерасының ішіндегі бет жұмыс аяқталған соң ыстық болады.
-  Пеш пен электр сымды зақымданулар болуына жүйелі түрде тексеріп тұрған жөн. Қандай болмасын зақымданулар айқындалған жағдайда пешті пайдалануға болмайды.

* кірістірілетін құрылғыларға қатысты



ОРАУДАН АШУ



Құрылғыны тасымалдау кезінде зағымдалудан қорғау қарастырылған. Құрылғыны ашқаннан кейін орау элементтерін қоршаған ортаны ластанбай жинаңыз.

Орау үшін қолданылған барлық материалдар, қоршаған ортаға зиянсыз 100% қайта өңделе алады, сәйкес символмен таңбалауға ие.

Назар аударыңыз! Орау материалдарын (полиэтиленді қаптар, пенопласт бөлшектері және т.б.) құрылғыны ашу үрдісі кезінде балалардан алыс ұстау керек.



ПАЙДАЛАНУДАН АЛЫП ТАСТАУ.



Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Оны екінші қайтара өңдеу үшін электрлі және электронды құрылғыларды қабылдау орындарына өткізу қажет. Осы туралы пайдалану бойынша нұсқаулықта, өнімде, немесе орамада орналасқан таңба құлақ тандырады.

Аспапта қолданылған синтетикалық материалдар, олардың белгіленулеріне сәйкес екінші қайтара өңдеуге жарамды. Материалдардың екінші қайтара қолдану немесе ескі әрі зақымданған электр құралдарды қолданудың басқа түрлерінің арқасында Сіз қоршаған ортаны қорғауға өзіңізді үлесіңізді қосасыз.

Кәдеге жарататын кәсіпорын туралы мәліметтерді Сіз қалалық әкімшілік, коммуналдық қызметтер немесе тұрмыстық аспапта дүкенінен ала аласыз. ұсынады.


ҚЫСҚА ТҰЙЫҚТАЛУДАН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ

ҚАУІПТІЛІК

Электр тоғымен зақымдану қаупі- белгілі ішкі компоненттер ауыр жарақаттардың немесе өлімнің себебі болуы мүмкін. Осы құрылғыны бөлшектемеңіз.

ЕСКЕРТУ

Электр тоғымен зақымдану қаупі. Жерге қосуды дұрыс пайдаланбау электр тоғымен зақымданудың себебі болуы мүмкін. Құрылғы дұрыс орнатылмайынша және жерге қосылмайынша айырды розеткаға қоспаңыз.



Осы құрылғыны жерге қосу қажет. Қысқа тұйықталу кезінде жерге қосылу электр тоғының жерге қосу сымы арқылы тебілуін қамтамасыз ете отырып, электр тоғымен зақымдану қаупінің деңгейін төмендетеді. Микротолқынды пеш жерге қосылатын сым және айыры бар желі электр сымымен жабдықталған. Айырды дұрыс орнатылған және жерге қосылған розеткаға салу қажет.

Жерге қосу және электр желісіне қосу бойынша сұрақтар туындаған жағдайда жоғары білікті электрик немесе сервистік қызмет маманнан кеңес алған жөн.

Ұзартқышты пайдаланған жағдайда, оның жерге қосылған розеткасы бар үшжетекті сымы болуы қажет.

Пешті қорғаныш ажыратуы жоқ немесе ақаулы қорғаны ажыратуы бар электрмен қоректендіру көзіне қосудың нәтижесі болып табылатын залалдарға немесе жарақаттарға өндіруші жауап бермейді.

Шырмалып қалу және ілінуден аулақ болу үшін осы құрылғыда қысқа желілік электр сым қарастырылған.

Егер ұзартқыш қолданылса:

- Ұзартқыштың номиналды электр деректері, не болғанда да, құрылғының номиналды электр деректері сияқты жоғары болуы қажет.

- Ұзартқыштың жерге қосылған 3-жетекті сымы болуы қажет,

- Балалардың қолы жетпейі және біреу сүрініп, құрылғыны еріксіз ажыратып алмауы үшін, ұзартқыштың сымы үстелдің үстіңгі тақтайынан немесе үстелден салбырап тұрмайтындай етіп жүргізілуі қажет.

ЕСКЕРТУ



Адамдарды жарақаттандыру қауіп-қатері. Тығыз жабылған ыдыс жарылуы мүмкін. Тамақ пісіруге бастамас бұрын жабық ыдысты ашу, ал дәнекерленген қапшықтарды тесіп алу керек.

Микротолқынды пеште пайдалануға болатын және пешті пайдалану кезінде аулақ болу қажет материалдар.

Кейбір металл емес ыдыстар пеште қолдану барысында қауіпті болуы мүмкін. Егер Сіздің күмәніңіз болса, онда осы ыдысты келесіні орындап тексеруге болады:

Ыдысты сынау:

1 Пеште қолдану үшін қауіпсіз контейнерге 1 стақан (250 мл) салқын су құйыңыз, дәл осындай әрекетті сіз тексергіңіз келетін ыдыспен орындаңыз.

2 Барынша қуатпен шамамен 1 минут бойы қыздырыңыз.

3 Абайлап ыдысқа қол тигізіңіз. Егер ыдыс жылы болса, онда оны микротолқынды пеште пайдалануға болмайды.

4 Дайындау уақыты 1 минуттан артық болмауы қажет.

Микротолқынды пеште пайдалануға болмайтын материалдар

Ыдыстың түрі	Түсініктемелер
Алюминий поднос	Электр доғасы туындауының себебі болуы мүмкін. Дайындалатын тамақты микротолқынды пеште қолдану үшін жарамды ыдысқа қайта салыңыз.
Металл тұтқалары бар қатырма қағаздан жасалған құты	Электр доғасы туындауының себебі болуы мүмкін. Дайындалатын тамақты микротолқынды пеште қолдану үшін жарамды ыдысқа қайта салыңыз.
Металл ыдыс немесе металл жақтауы бар ыдыс	Металл микротолқынды сәулеленуді өткізбейді. Металл жақтау электр доғасы туындауының себебі болуы мүмкін.
Айналдыру әдісімен жабылатын металл қақпақтар	Электр доғасы және пеште өрттің туындауының себебі болуы мүмкін.
Қағаз қапшықтар	Пеште өрттің туындауының себебі болуы мүмкін.
Пенопласт	Егер жоғары температура белгіленетін болса, пенопласт еріп, ішіндегі сұйықтықты ластауы мүмкін.
Ағаш	Ағаш кебеді, сондықтан пеште болған кезде шытынауы немесе сынуы мүмкін.

Микротолқынды пеште пайдалануға болатын материалдар

Ыдыстың түрі	Түсініктемелер
Алюминий жұқалтыр	Тек қана жұқа жолақтар. Өнімдердің жеке бөліктерінің күйіп кетуінің алдын алу үшін кішкентай тегіс бөліктерді еттің немесе тауық етінің жұқа үлестерін жабу үшін қолдануға болады. Егер жұқалтыр микротолқынды пештің қабырғаларына өте жақын орналасса, электр доғасы туындауы мүмкін. Жұқалтыр микротолқынды пештің қабырғаларынан 2,5 см ара қашықта орналасуы қажет.
Қызартуға арналған табақ	Өндірушінің нұсқаулығын сақтау қажет. Қызартуға арналған табақтың табаны айналатын подностан 5 мм-ден кем емес биіктікте болуы қажет. Дұрыс қолданбау айналатын подностың жарылуына әкеп соғуы мүмкін.
Асхана ыдысы	Тек микротолқынды пеште қолдануға жарайтын ыдыс. Өндірушінің нұсқаулығын сақтау қажет. Жарылған немесе бұдырланған ыдысты қолданбаңыз.
Шыны құтылар	Үнемі қақпағын алып тастау қажет. Тек қажет температураға дейін тағамды жылыту үшін ғана қолдану қажет. Көптеген шыны құтылар жоғары температураға төзбейді және жарылуы мүмкін.
Шыны ыдыс	Пеште тек ыстыққа төзімді шыны ыдысты ғана қолдану қажет. Осы ыдыста металл жақтаулардың жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Жарылған немесе бұдырланған ыдысты қолданбаңыз.
Микротолқынды пеште қыздырып пісіруге арналған қапшықтар	Өндірушінің нұсқаулығын сақтау қажет. Металл қысқыштарды қолданбаңыз.

ЫДЫС

Картон тәрелкелер мен саптыаяқтар	Бу шығуы үшін кесіктер жасаңыз. Тек қысқа мерзімде дайындау / жылыту үшін пайдалану қажет. Пешті дайындау барысында қараусыз қалдырмаңыз.
Қағаз майлықтар	Майды сіңіру мақсатында жылытылатын тағамдарды жабу үшін ғана пайдалану қажет. Үздіксіз бақылаумен тек қысқа мерзімде дайындау үшін қолдану қажет.
Жарғақты қағаз	Тек шашыраулардан аулақ болу үшін немесе булану үшін орама ретінде тағамдардың бетін жабу үшін ғана қолдану қажет.
Пластик	Тек микротолқынды пеште қолдануға жарайтын ыдыс. Заттаңбасында «Микротолқынды пешке арналған» деп көрсетілген болуы тиіс. Кейбір пластик сыйымдылықтар онда тағам қызған кезде жұмсарады. «Қыздырып пісіруге арналған қапшықтар» және тығыз жабылған пластик орамаларды кесу, тесу немесе орамадағы нұсқауларға сәйкес саңылаулар жасау қажет.
Пластик орамалар	Тек микротолқынды пеште қолдануға жарайтын ыдыс. Ылғалдылықты сақтау мақсатында пісіру кезінде тағамдарды жабу үшін пайдалану қажет. Пластик орамалардың тағаммен жанасуына жол бермеңіз.
Термометрлер	Тек микротолқынды пеште қолдануға жарайтын ыдыс. (етке және қантқа арналған термометрлер).
Балауыз қағаз	Тек шашыраулардан аулақ болу және тағамның ылғалдылығын сақтау үшін жабын ретінде ғана қолдану қажет.

Ыдыстың материалы	Микротолқындар	Гриль	Біріктірілген режим
Жылуға төзімді шыны	ИӘ	ИӘ	ИӘ
Кәдімгі шыны	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ
Жылуға төзімді керамика	ИӘ	ЖОҚ	ЖОҚ
Пластиктен жасалған ыдыс пеште пайдаланған кезде қауіпсіз	ИӘ	ЖОҚ	ЖОҚ
Аспаздық қағаз	ИӘ	ЖОҚ	ЖОҚ
Металл поднос	ЖОҚ	ИӘ	ЖОҚ
Металл тіреуіш (микротолқынды пештің жинағына кіреді) *	ЖОҚ	ИӘ	ЖОҚ
Алюминий жұқалтыр және жұқалтырдан жасалған пішіндер	ЖОҚ	ИӘ	ЖОҚ


* Кейбір үлгілерде ғана қол жетімді

Микротолқынды пештің құрамдас бөліктерінің атауы


Микротолқынды пешті және барлық материалдарды қатырма қағазды қораптан шығарыңыз. Микротолқынды пеш жинағына мыналар кіреді:

Айналатын поднос	1
Роликті сақина	1
Пайдалану бойынша нұсқаулық	1
Грильге арналған тіреуіш	1*

- 1) Басқару панелі
- 2) Бұғаттау жүйесі – егер жұмыс уақытында есік ашылатын болса, пешті электр қорегінен ажыратады.
- 3) Есіктің ішіндегі қорғау экраны
- 4) Есік
- 5) Роликті сақина
- 6) Айналатын поднос



АЙНАЛАТЫН ПОДНОСТЫ ОРНАТУ



- 1 Айналатын подносты ешқашан басу және төңкеріп орнатуға тыйым салынады.
- 2 Пісіру кезінде үнемі айналатын подносты және роликті сақинаны жүйесін қолдану керек.
- 3 Дайындау және жылыту үшін барлық тағамдарды үнемі айналатын подносқа қойыңыз.
- 4 Егер айналатын поднос жарылса, авторландырған сервис орнымен хабарласу қажет.

Жабдықтау элементтері:

1. Грильге арналған тіреуіш
2. Айналатын поднос
3. Роликті сақина

* Кейбір үлгілерде ғана қол жетімді **Назар аударыңыз!** Егерде микротолқынды пештің жинағына грильге арналған тіреуіш кіретін болса, оны тек қана «ГРИЛЬ» режимінде пайдалану қажет.

** Үлгісіне қарай роликті сақина екі түрлі болады. Олар бірін бірі алмастыратын болып табылмайды.

*** Айналымды тәрелке моделіне байланысты болады. Мұндай жағдайда тағамдарды қысқа толқынды пеш камерасында орналасқан өз тәрелкесінде дайындаған жөн.

ЖАБДЫҚТЫ ОРНАТУ

- Ораманың барлық материалдары мен элементтерін алыңыз.
- Пешті есігінің майысуы, жылжуы немесе сынуы сияқты зақымдануларының бар-жоқтығын тексеріңіз.
- Бетте қорғау үлдірін алып тастаңыз.
- Егер микротолқында пеш бұзылған болса, онда оны орнатпаңыз.



Магнетронды қорғау үшін қызмет ететін пештің ішкі бөлігіне бұрандамалармен бұралған слюдадан жасалған ашық қоңыр жабынды алмаңыз.

Орнату

1. Құрылғы тек тұрмыстық мақсатта ғана қолдануға арналған.
2. Микротолқынды пешті тек ол асхана жиһазына кірістірілгеннен кейін ғана қолдануға болады*.
3. Микротолқынды пешті асхана жиһазына орнату әдісі «Ескертпе-нұсқаулықта» берілген*.
4. Микротолқынды пеш ені 60 см шкафта және асхана еденінен 85 см биіктікте орнатылуы қажет*.

Пештің төменгі бөлігінен аяқтарды алмаңыз*.


Кіргізу және шығару саңылауларын бұғаттау пешті зақымдай алады.

Пешті теле- және радиоқабылдағыштардан алысыраққа орнату керек. Микротолқынды пештің жұмысы радио- және телевизиялық сигналдарды қабылдау кезінде кедергілер тудыруы мүмкін.

2. Пешті стандартты розеткаға қосыңыз.

Бірақ розетканың кернеуі мен жиілігі зауыттық тақтада көрсетілгені сияқты екендігіне алдын ала көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТУ: Пешті пісіру плитасы немесе ыстық шығаратын басқа құрылғының үстінен орнатпаңыз. Бұл жағдайда құрылғыны зақымдау және кепілдіктен айырылу мүмкін.




**Қолжетімді беттер
жұмыс барысында
ыстық болуы мүмкін.**



* Кірістірілетін құрылғыларға қатысты

Осы микротолқынды пеш тамақ пісіру мен жылыту параметрлерін реттеуге арналған заманауи басқару панелімен жабдықталған.

Басқару панелі



Дисплей мәзірі - Көрсетіледі: дайындау уақыты, қуат, функциялардың индикаторлары және ағымдағы уақыт.

Қысқа толқынды пештің қуаты $||||$ - Қысқа толқынды пештің қуатын белгілеу үшін түймені бірнеше рет басыңыз.




Гриль / Комби режимі $\approx ||||$ - Түймені басу пешті гриль режимінде немесе гриль + қысқа толқындардың көмегімен қыздыру режимінде жұмыс істеуге баптауға мүмкіндік береді.

Таймер / Қосылудың кідіртуі $\odot \odot$ - Ағымдағы уақытты белгілеу немесе қосылуды кідірту функциясын іске қосу.


Стоп / Болдырмау ∇ - Бұл түймені басу пеш жұмысының баптауларының күшін жоюға (нөлдеуге) алып келеді. Пеш жұмыс істеп тұрған кезде бұл түймені басу оның жұмысын тоқтатады, түймені екі рет басу берілген бағдарламаның күшін жояды.

Қосу / Тез қосу $\odot | +30sec$ - бұл түймені басу бұған дейін берілген параметрлерге сәйкес пештің жұмысын іске қосады. Бұл түймені бірнеше рет басу дисплейге дайындау уақытын қосып шығарады. Тиісті уақыт мөлшерін енгізгеннен кейін қысқа толқынды пеш автоматты түрде толық қуатымен іске қосылады.








Тұтқа $MENU \nabla \odot$
Пештің сағатын белгілеу және дайындау уақытын енгізу үшін тұтқаны бұраңыз. Немесе автоматты түрде дайындау мәзірін таңдау үшін тұтқаны бұраңыз.


- Желіге бірінші рет жалғаған кезде қысқа толқынды пеш дыбыс сигналын береді, ал дисплейде 1:01 саны көрсетіледі.
- Егер функциялар мен уақытты баптау кезінде 25 секундтан ұзақ үзіліс жасасаңыз, баптаулардың күші жойылады, ал құрылғы дайындық режиміне өтеді.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде  түймесін бір рет басқан кезде бағдарлама уақытша тоқтатылады, оны қайта қосу үшін  +30sec түймесін, немесе толықтай бас тарту үшін  түймесін басу қажет.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін құрылғының дисплейінде «End» хабарламасы көрсетіледі.
- Құрылғының белсенді суыту жүйесі бар. Ұзақ уақыттық бағдарламалармен жұмыс істегенде дайындау аяқталғаннан, құрылғының есігін ашқаннан немесе жұмысын уақытша тоқтатқаннан кейін желдеткіш біршама уақыт жұмыс істеп тұруы мүмкін. Бұл құрылғыны суыту үшін қажет.

САҒАТТЫ БАПТАУ

Сағатты 12 сағаттық немесе 24 сағаттық режимге баптау үшін пештің дайындық режимінде  түймесін бір немесе екі рет басыңыз.


МЫСАЛ: Ағымдағы уақытты 8:30-ға баптау.

1. Уақыт форматын таңдау үшін  түймесін бір немесе екі рет басыңыз.
2. Дисплейде 8 сағат бірлігін білдіретін сандар жанбайынша   реттегішін бұраңыз.
3.  түймесін басыңыз.
4. Дисплейде 30 минут бірлігін білдіретін сандар жанбайынша   реттегішін бұраңыз.
5. Растау үшін  түймесін басыңыз.

Ағымдағы уақыт тексеру үшін дайындау кезінде  түймесін бір рет басуға болады.




ТЕЗ БАСТАУ

Пешті толық қуатымен тез іске қосуға арналған.

Дайындау уақытын белгілеу үшін  +30sec, түймесін бірнеше рет басыңыз.

Пеш толық қуатымен тамақ дайындау бағдарламасын іске қосады. Таңдауға болатын максималды дайындау уақыты 10 минутты құрайды.


ҚЫСҚА ТОЛҚЫНДЫ РЕЖИМДЕ ДАЙЫНДАУ

Қысқа толқындармен дайындауды пайдалану үшін қуатты таңдауға арналған  түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін   реттегішімен дайындау уақытын белгіленіз. Максималды дайындау уақыты 95 минут.

Жұмысты бастау үшін  +30sec түймесін басыңыз.

*Қысқа толқындардың қуаты басулар санына байланысты:

Басулар саны	ДАЙЫНДАУ ҚУАТЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІ (ДИСПЛЕЙ)
Бір рет	100%
Екі рет	80%
3 рет	60%
4 рет	40%
5 рет	20%
6 рет	0%

Назар аударыңыз. Дайындау барысында  түймесін басу арқылы таңдалған қуатты тексеруге болады.

ГРИЛЬ

Максималды дайындау уақыты 95 минут. Гриль режимі әсіресе жұқа ет тілімдерін, стейктер, жаншылған ет, кәуап, тауық етінің кесектерінен жасалған шұжықшалар дайындауға қажет болады. Бұл режим сондай-ақ ыстық бутербродтар дайындауға және пісіруге де жарайды.

Мысалы, грильде 12 минут бойы қуырмақшы болдыңыз.

1. түймесін бір рет басыңыз.
2. тұтқасын 12:00-ге бұраңыз.
3. |+30sec түймесін басыңыз.

1-КОМБИНАЦИЯ

Максималды дайындау уақыты 95 минут. Балық немесе көмештер дайындауға қолданыңыз.

Мысалы, 1-комбинацияда дайындауды 25 минутқа баптағыңыз келеді.

1. Күту режимінде түймені екі рет басыңыз.
2. тұтқасын 25:00-ге бұраңыз.
3. |+30sec түймесін басыңыз.

Дайындау кезінде алаңын басу арқылы құрамдас режимді тексере аласыз.

2-КОМБИНАЦИЯ

Максималды дайындау уақыты 95 минут. Омлеттер, пісірілген картоп және құс етін дайындауға қолданыңыз.

Мысалы, 2-комбинацияда дайындауды 12 минутқа баптағыңыз келеді.

1. Күту режимінде түймесін үш рет басыңыз.
2. тұтқасын 12:00-ге бұраңыз.
3. |+30sec түймесін басыңыз.

АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ МҰЗЫН ЖІБІТУ

Қысқа толқынды пеште еттің, құс етінің және теңіз өнімдерінің мұзын жібітуге болады. Мұзды жібіту уақыты мен қуат деңгейі тамақтың салмағын енгізгеннен кейін автоматты түрде бапталады. Мұздатылған өнімнің салмағының диапазоны 100 г-нан 1800 г-ға дейін.

1. «12», және АВТО. таңдау үшін тұтқасын сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
2. |+30sec түймесін басыңыз.
3. Салмақты таңдау үшін тұтқасын бұраңыз.
4. |+30sec түймесін басыңыз.

Назар аударыңыз: Біршама уақыт өткеннен кейін пеш мұзды жібіту бағдарламасын уақытша тоқтатады және өнімді аудару қажеттігін ескерту үшін дыбыс сигналы беріледі, осыдан кейін мұзды жібітуді қайта жалғастыру үшін пештің есігін жабу және |+30sec түймесін басу қажет.

ҚОСЫЛУДЫ КІДІРТУ

Бұл функция қысқа толқынды пешті кейінірек қосуға мүмкіндік береді.

1. Өнімдерді қысқа толқынды пешке салыңыз да, есігін жабыңыз.
2. Күту режимінде дайындау бағдарламасын (тез қосудан өзге) енгізіңіз, алайда |+30sec түймесімен растамаңыз.
3. |+30sec түймесін түртіңіз.
4. Сағат сандарын белгілеу үшін тұтқасын бұраңыз.
5. |+30sec түймесін және бір рет түртіңіз.
6. Минут сандарын белгілеу үшін тұтқасын бұраңыз.

7. Растау үшін түймесін басыңыз.

Назар аударыңыз: Функцияны баптағаннан кейін түймесін басу арқылы белгіленген уақытты тексеруіңізге болады. Назар аударыңыз: Бұл функцияның күшін жою үшін бағдарламаның іске қосылу уақыты көрсетіліп тұрған кезде түймесін түртіңіз.

ҚОСЫЛУДЫ БҒАТТАУ (CHILD LOCK)

Балалардың пешті қосуынан қорғайды. Қосылуын бұғаттау іске қосылған болса, қысқа толқынды пеш жұмыс істемейді, дисплейде қосылуды бұғаттау символы жанып тұрады.

Белгілеу үшін: Күту режимінде қандай да бір әрекеттерсіз 1 минуттың ішінде қысқа толқынды пеш автоматты түрде балалардан бұғаттау режиміне ауысады және бұғаттау индикаторы жанады.

Күшін жою үшін: Балалардан бұғаттау режимінде пештің есігін ашу немесе жабу бағдарламаның күшін жоюы мүмкін, ал дисплейдегі бұғаттау индикаторы сөнеді.

АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ДАЙЫНДАУ

Автоматты түрде дайындау режимінде уақытты және дайындау қуатын бағдарламалау қажет емес. Дайындалатын өнімнің түрі мен салмағын анықтау жеткілікті.

1. Тағам кодын таңдау үшін күту режимінде **MENU** | тұтқасын сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

2. Өнімнің салмағын белгілеу үшін түймесін бірнеше рет басыңыз.

3. | +30sec түймесін басыңыз

Код	Тағам	Сипаттамасы
1	Спагетти	1. 8-11 аралығындағы тармақтар жағдайында қысқа толқынды пеш циклдың ортасында тағамды аудару үшін үзіліс жасайды. Жұмысты жалғастыру үшін +30sec түймесін басыңыз. 2. Автоматты түрде дайындаудың нәтижесі өнімнің пішіні мен өлшемі, белгілі бір тағамдардың қуырылу дәрежесі бойынша пайдаланушының жеке талғамы секілді факторларға байланысты. Егер кез келген жағдайда нәтиже қанағаттандыратындықсыз болса, дайындау уақытын тиісінше реттеңіз.
2	Картоп (230 г/порция)	
3	Автоматты түрде қыздыру	
4	Попкорн (99 г)	
5	Балық (г)	
6	Пицца (г)	
7	Көкөністер (г)	
8	Тауық	
9	Сиыр еті / қой еті (г)	
10	Кәуап	
11	Қуырылған ветчина (г)	

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

КК

Микротолқынды пеш теледидарда кедергілер туындатады	Радио- және телевизиялық сигналдарды қабылдау кезіндегі кедергілер микротолқынды пештің жұмысы барысында туындауы мүмкін. Осындай бұзылулар, сондай-ақ, шағын габаритті электрлі жабдықтың, мысалы миксердің, шаңсорғыштың және электрлі желдеткіштің жұмысы барысында да болуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс
Пеш әлсіз жанып тұр	Микротолқындардың төмен қуатында дайындау барысында микротолқынды пештің жарығы әлсіз болуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс.
Бу есікте тұтылып қалады, ыстық ауа желдеткіш саңылаулары арқылы шығады	Тағамды дайындау барысында бу шығуы мүмкін. Оның көп бөлігі желдеткіш саңылаулары арқылы шығады. бірақ оның белгілі бөлігі салқын жерде, мысалы микротолқынды пештің есінде жиналуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс.

Ақау	Ықтимал себебі	Жою
Микротолқынды пеш қосылмайды.	Желінің электр сымы розеткаға дұрыс қосылмаған	Айырды розеткадан шығарыңыз және 10 секундтан кейін оны қайта қосыңыз.
	Сақтандырғыш күйіп кетті немесе қорғау ажыратқышы қосылды.	Сақтандырғыш немесе қорғау ажыратқышын алмастырыңыз (жөндеу тек Hansa қызмет көрсету орталығында)
	Мәселе электр розеткасында болып тұр	Электр розеткасын басқа электр аспаптарды қосып тексеріңіз.
Пеш қыздырмай жатыр.	Есігі дұрыс жабылмаған.	Есігін жақсылап жабыңыз.
Шыны айналатын поднос микротолқынды пештің жұмысы кезінде шу шығарып жатыр	Роликті сақина және микротолқынды пештің түбі ластанған.	«Микротолқынды пешті тазалау және құту» бөліміне қараңыз

ТАЗАЛАУ

Тазалар алдында пештің электрмен қоректендіру көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

a) Пайдаланғаннан кейін пештің ішін ылғал шүберекпен сүртіңіз.

b) Аксессуарларды кәдімгі тәсілмен сабын қосылған суда тазалаңыз.

c) Есіктің жақтауы және тығыздағыш төсем, сонымен қатар оларға жақын орналасқан бөліктер лас болса, ылғал шүберекпен сүрту қажет. Есік және пеш беттерін тазалау кезінде тек қана жұмсақ, түрпілі емес сабындар немесе жуу құралдарын ысқыш немесе жұмсақ шүберекпен жағу жолымен пайдалану керек.

Есікті шыны бөлігін тазалау кезінде ешқандай агрессиялық немесе түрпілі тазалау құралдарын, металл жіпті ысқыштарды пайдаланбаңыз, өйткені бұ бетті тырнауы және шыныны зақымдауы мүмкін.

Камераның ішін тазалау үшін: табаққа 300 мл су құю және лимон жарымын салу, пешке қою, оны 100 % қуатпен 10 минутқа қосу керек.

Тазалағаннан кейін пешті қоректен ажырату және ішін жұмсақ құрғақ шүберекпен сүрту қажет.

Кепіл

Кепілдік қызмет көрсету ережесі кепілдік талонында баяндалған.
Өндіруші жуу машинасына дұрыс емес қарау нәтижесінде келтірілген қаңдай да бір залалға жауап бермейді.

Өндірушінің мәлімдемесі

Осымен өндіруші тұрмыстық аспабының төмендегі көрсетілген негізгі талаптар мен басшылықтарына сәйкес келеді деп куәландырады;

- төменвольтті жабдықтар директивасы 2014/35/ЕС,
- электромагниттік үйлесімділік директивасы 2014/30/ЕС,
- қоршаған ортаны жобалау директивасы 2009/125/ЕС,
- „төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі үшін” талап TP TC 004/2011,
- „техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі” талап TP TC 020/2011

Аспап **ЕАС** сәйкестікті белгілсімен таңбаланады, және оған нарықты бақылау мекемелерге ұсынылатын сәйкестік сертификаты беріледі.